ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ
**ҚАРАКЕТКЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫ**

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ЖАЛАГАШСКИЙ РАЙОН
**СОБРАНИЕ МЕСТНОГО СООБЩЕСТВА АУЛЬНОГО ОКРУГА КАРАКЕТКЕН**

**Х А Т Т А М А**

**П Р О Т О К О Л**

Қаракеткен ауылы №11 21 шілде 2026 жыл

Өткен орны: Қаракеткен ауылдық округі әкімінің аппараты КММ
Уақыты: 10-00
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны **-9 адам**
Жиналысқа қатысқан мүшелері саны - **9 адам** тізім бойынша (тізім қосымша парақта)

## КҮН ТӘРТІБІ

**1. Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылындағы Конго Қырым геморрогиялық қызбасына қарсы күзгі залалсыздандыру жұмыстары жөнінде.**

Жиналысты ауылдық округі әкімі А.Тоқтаров ашып, күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып өтті:

Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылын Конго Қырым геморрогиялық қызбасына байланысты аудан бойынша қолайсыз елді мекен қатарына енгендіктен кенеге қарсы күзгі залалсыздандыру жұмыстарына облыстың бюджеттен 305,4 мың теңге қаржы бөлінді. Бөлінген қаржыға Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылынан 52 мал қорасы мен 5 шаңлаққа залалсыздандыру жұмыстары жүргізілетін болады.

Аталған заңнамаларға сәйкес жергілікті қоғамдастық жиналыс отырысының төрағалығына - Боданов Кайыркул және хатшылығына – Өлментай Қайраттың кандидатуралары ұсынылып, ашық дауысқа салынды.

**Дауыс беру қорытындысы:**
Боданов Кайыркул жақтап - 9 адам / қарсы - 0
Өлментай Қайрат жақтап - 9 адам /қарсы - 0

**Сөз сөйлегендер:**

К.Омаров – күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылындағы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу мақсатында ауыл шаруашылық малдарына және мал қораларында кенеге қарсы 2026 жылы күзгі залалсыздандыру жүргізу қызметі

дезинфекциялық алдын-алу жұмыстарына мал ұстайтын орын, оған көршілес орналасқан аумақтарда, мал жайылымдары мен су қоймаларында дезинфекция және дезинсекция өткізу жұмыстары ауылды кенеден қорғауға өз көмегін тигізеді.

К.Ахметжанов - залалсыздандыру жұмыстарын тиімді және жылдам бітіру үшін мемлекеттік сатып алуды бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізуді ұсынамын. Сонымен қатар бұл жұмысты облыс көлемінде залалсыздандыру жұмыстарымен айналысуға лицензиясы бар мердігер болса, сапалы және уақытылы жасайтынына сенімдімін.

**Қоғамдастық жиналысының төрағасы: Боданов Кайыркул**

Құрметті қоғамдастық жиналыс мүшелері! Осы ұсыныстарды дауысқа салайық

**Дауыс беру қорытындысы:**

Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылындағы Конго Қырым геморрогиялық қызбасына қарсы күзгі залалсыздандыру жұмыстары мемлекеттік сатып алуды бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілсін.

**Жақтап - 9 адам/ қарсы – 0.**

Қаракеткен ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылындағы Конго Қырым геморрогиялық қызбасына қарсы күзгі залалсыздандыру жұмыстары мемлекеттік сатып алуды бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізу туралы ұсынысы бір ауыздан мақұлдансын.

**Қоғамдастық жиналысының төрағасы** **Боданов Кайыркул**

**Қоғамдастық жиналысының хатшысы** **Өлментай Қайрат**